

Анықтама

№ 296 орта мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында 2025 жылдың 19 - 28 қараша арлығында «Кітапханаға кітап сыйла» тақырыбындағы онкүндік барысында 5-6 сыныптармен «Сүйікті кітабымның кейіпкеріне хат» қабырға газет байқауы өтті.

Байқаудың мақсаты оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Әдеби кейіпкерлерді тереңірек түсінуге үйрену, оқушылардың өз ойын еркін әрі көркем түрде жеткізе білу, қабілетін шыңдау. Байқауда оқушылар қабырға газетіне хатпен бірге, өзіне ұнаған әдеби кітаптың авторы мен кейіпкеріне қысқаша тоқталып өтті.

6-сынып оқушысы Гарри Поттердің кітаптарын оқып бастап жатқанын және кейіпкер жайлы қысқаша тоқталып өз салған суретін қорғап шықты.

5-сынып оқушысы Абайдың 180 жылдығына орай оқып жатқан кітабынан видеоролик дайындап сол видеомен оқыған кітабы жайлы айтып өтті. Абайдың өмірбаяны мен өлеңдерін жатқа айтып берді. 6-сынып оқушылары Бердібек Сокпақбаевтың «Менің атым-Қожа» фильміндегі Қожаның бейнесін суреттеді. Қожаның адалдығы мен достығы, дер кезінде қатесін түсінгені туралы бөлісті. Өздерінің жолдаған хаттарын оқып берді.

Әділ қазылар алқасы қабырға газеттің қалай салынғаны, қандай құрал саймандар пайдаланға жөнінде сұрақтар қойылды. Тіл байлығына, сауаттылығына, тақырыпқа сәйкестігіне тоқталып өз пікірлерін айтты. Соның ішінде берілген тақырыпқа сай жұмыс жасауларын айтып өтті. Кітапханашылардың ұйыдастыруымен дайындалған мадақтамалар мен сыйлықтарын әділ қазылар алқасының шешімімен «Ең үздік», «Ерекше», «Сықырлы суретші», «Ізденімпаз» деген номинациялармен оқушыларға табысталды. Балаларға биік шындардан көрініңдер деген ізгі тілектерін жолдады. Керемет көңіл күймен оқушылар әділ қазылар алқасымен бірге суретке, видеоға түсті.

"Артық білім кітапта, Ерінбе оқып көруге", - деп ұлы ақынымыз Абай жырлағандай ерінбей білім алуға асығайық. Бар білімнің патшасын тек кітаптан ғана таба алатынымызды ұмытпайық.

Іс-шара соңында сайысқа қатысқан балалар кітапхана атынан әзірленген арнайы марапаттар мен сыйлықтарды иеленді.



Анықтама

№296 орта мектеп кітапханасында «Оқуға күштар мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында 2025 жылдың 19-28 қараша аралығында «Кітапханаға кітап сыйла» онкүндік барысында 7-сыныптармен 20 минуттық үзілісте «Мен және кітап» тақырыбында оқыған кітабынан пазл құрауға тапсырма берілді.

Іс-шара мақсаты оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Әдеби кейіпкерлерді тереңірек түсінуге үйрену, оқушылардың өз ойын еркін және көркем түрде жеткізе білу, қабілетін шыңдау.

Үзілісте оқушылар өздері оқыған ақын жазушылардың бейнесінен пазл құрастырып, өмірбаяны мен шығармаларына тоқталып өтті.

Бір Аллаға сиынып,

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық

– деп, жазушы Ыбырай Алтынсариннің өлеңін айтып, бейнесінен пазл құрады. Өмірбаяны мен шығармаларымен бөлісті. Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың өмірбаяны мен шығармаларымен бөлісіп, бейнесінен пазл құрады. Жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді» атты туындыларын атап өтті. Соның ішінде «Менің атым Қожа» повесіндегі Қожаның бейнесінен пазл құрап, Қожаның қылықтарына тоқталып өтті.

Оқушылар бос уақыттарын кітапханада өткізіп, білімдерін шыңдап уақыттарын тиімді пайдаланды.

Кітапхана меңгерушісі: Б.Әуелбекова

Кітапханашы: Б.Мешімбаева



Анықтама

№296 орта мектеп кітапханасында 19 -21 қараша арлығында 2-4 сыныптарға «Қазақ халық ертегілерін дауыстап оқу» буккроссинг болып өтті.

Оқылған кітаптарды шаңды сөрелерде жинап шаршасаңыз әрі лақтыруға қимасаңыз, одан шығатын жол бар. Бүгінде кітапсүйер оқырмандар арасында кеңінен танылған буккроссинг қозғалысына қосылу арқылы том-том кітаптарға екінші өмір сыйлай аласыз.

Буккроссинг дегеніміз не және ол не үшін қажет?

Буккроссинг (ағылшын тілінен аударғанда - "кітап алмасу") – халықаралық қоғамдық қозғалыс. Оның миссиясы – "том-том кітаптарды бостандыққа шығару" және "кітап оқу" идеясын насихаттау. Буккроссинг – бұл кітап сатып алудың баламаларының бірі. Бұл қозғалыс қызметі былайша іске асады: кітапты оқыған адам оны қоғамдық орынға (кафе, кітапхана, метро бекеті) қалдырады, сонда оны кез келген адам өзіне алады. Кітапты алған адам кейіннен үрдісті қайта бастайды.

Іс шараның мақсаты кітапханаға өз оқыған кітаптарын достарына оқуға кеңес беріп сол кітабын кітапханаға сыйға тарту. Шара барысында кітапханашы Мешітбаева Бақыт кішкентай оқырмандарды кітапхана ережесімен таныстырып «Bookcrossing» сөзінің мағынасына тоқталып, кең көлемде түсіндірді. Оқушыларға түрлі қызықты ойындар ойнатылды. Оқушылар жақсы көңіл күймен қайтты.



Анықтама

№296 орта мектеп кітапханасында 12-желтоқсан күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы» бағдарлама аясында Тәуелсіздік күніне «Желтоқсан жаңғырығы» тақырыбында 8-сыныптар арасында кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалды .

Мақсаты :

- Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету , оқушыларға желтоқсан құрбандарымен , желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету.
- Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін , сезімдерін ояту .
- Елін , жерін сүйуге ,
- Отанын қастерлеуге , шыншылдыққа тәрбиелеу . Оқушылар өз ойларын ашық жеткізіп , кітапханашының ұйымдастырған үстел үсті ойындарын ойнады . Интербелсенді тақтадан видео көрсетіліп оқушылар өз әсерлерімен бөлісті , тақтадан викториналық ойындар ойнатылды . Оқушылар Тәуелсіздігімізді құрметтеп оны қадыр қасиетін түсініп , келер ұрпақтар қолына қолына аманаттап тапсыруға тиіспіз .

Елімізді ішкі-сыртқы дұшпандардан қорғауға міндеттіміз . Сонда ғана Тәуелсіздігіміз мәңгілікке мирас болмақ . Кітап көрмесі соңында балалар естелік суретке түсті , кітапханашылардың ұйымдастыруымен болған кітап көрмесі соңында тәттілермен бөлісіп , балаларды қуанышқа бөледі .

Кітапхана меңгерушісі : Әуелбекова.Б.

Кітапханашы : Мешітбаева.Б.



Анықтама

№296 орта мектеп кітапханасында 14 қараша ашық есік күні болып өтті.

Мақсаты мектеп кітапханасын жас оқырмандарға көрсету, кітапхана ережесімен таныстыру және оқырмандарды кітап оқуға баулу. Бос уақытын оқушылар кітапханада сынып жетекшісімен бірге тиімді өткізді.

Кітапханашылар: Әуелбекова Баян Әуелбекқызы және Мешітбаева Бақыт Шанжарханқызы кітапхана ережелерімен және бірнеше кітап көрмелерімен таныстырды

Кітапхананың ережелерімен танысу:

- Кітапханаға кіргенде тыныштық сақтауды,
- Оқырмандарға кедергі жасамауды,
- Кір қолмен кітапты ұстамауды,
- Кітапты лақтыруға, шимайлауға болмайтынын ,
- Қолдануға алған кітапты орнына қоюды ,
- Жыртылған кітапты жөндеуге көмектесуге, ұстауға және досымен бірге бөлісіп оқуы туралы түсіндіру жұмыстары өтті

Кітапханада оқушылар сынып жетекшісімен бірге көңілді өткізді

Оқушылар ертегілер әлемімен , балалар әдебиетімен , әлем әдебиетімен танысты.

2 А сынып жетекшісі Молдахметова Ұлған апай өзінің оқушыларымен керемет уақыт өткізді:

Бірге саяхат жасады, кітап оқыды, оқыған кітабын талқылады. Бірге суретке , видеоға түсіп, уақыттырын тиімді пайдаланып көтеріңкі көңіл күймен қайтты.



Анықтама

№296 орта мектеп кітапханасында 23-желтоқсан күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл толуына орай «Мен оқыған бір кітап» READx жобасы 5-сыныптар арасында ұйымдастырылды. Іс-шараны қазақ тілі пән мұғалімдері мен мектеп кітапханашысы бірлесе ұйымдастырды.

Жобаның мақсаты:

- Кітапханашы «READx» жобасын оқушыларға кеңінен түсіндірді.
- «READx» жобасының мақсаты: кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, әдеби шығармалардың құндылығы мен мазмұнын дәріптеу.
- READx - озық оқырманды анықтау және тамаша шығарманы оқуға кеңес беруге арналған алаң. Т.б
- оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру,
- көркем шығарманы түсініп оқу және өз ойын еркін жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру.

Іс-шара барысында оқушыларға Сапарғали Бегалиннің өмірбаяны мен шығармаларымен таныстырылды. Интер белсенді тактадан өмірбаянына видео шолу жасалды, үстел үсті ойыны ойналды. Интер белсенді тактадан викториналық сұрақтар қойылды. Оқушылар Сапарғали Бегалиннің «Бала Шокан» шығармасы бойынша «Мен оқыған бір кітап» тақырыбында өз ойларын ортаға салып, шығарманың мазмұнын баяндап, кейіпкер бейнесіне талдау жасап, алған әсерлерімен бөлісті.

Жоба соңында қазақ тілі пән мұғалімдері мен мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен белсенді қатысқан оқушыларға сыйлықтар мен мақтау қағаздарымен марапатталды. Шара соңында суретке және бейнежазбаға түсірілді.

READx – жобасы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, әдеби талғамын қалыптастыруға және рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайтуға оң ықпал етті.

Кітапханашы:

Мешітбаева Б.



АНЫҚТАМА

№296 орта мектеп кітапханасында 27 қаңтар күні «Оқуға құштар-мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен «Бір кітап – мың идея» тақырыбында 8–9 сынып оқушылары арасында танымдық іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқыған көркем шығармаларын талдай білуге, өз ойын еркін әрі жүйелі жеткізуге үйрету.

Шара барысында оқушылар өздері оқыған әдеби кітаптардың мазмұнымен таныстырып, негізгі ойы мен тәрбиелік мәніне тоқталды.

Қатысушылар шығармалардан алған әсерлерімен бөлісіп, өзара пікір алмасты. Сұрақтарға еркін жауап беру арқылы өз ойларын нық жеткізе білді.

Іс-шараға қатысқан оқушылар және таныстырылған кітаптар:

Қасымхан Айдар – «Гарри Поттер»;

Байниязова Амина – «16 жасар чемпион»;

Серікбай Саян – «Жер - жаһан ертегілері»;

Асылбек Гүлсезім – «Шұғаның белгісі»;

Муса Айзере – «Бакытсыз Жамал».

Аталған іс-шара оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, әдеби кітаптарға деген қызығушылығын арттыруға және кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға оң ықпал етті.

Кітапханашы:

Мешітбаева.Б.



Анықтама

№296 орта мектеп кітапханасында 21 желтоқсан күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында «Кітап сыйла» атты акциясы өтті.

Аталған акция барысында оқушылар мен ұстаздар белсенділік танытып, мектеп кітапханасының қорын толықтыруға өз үлестерін қосты.

Ігі шараның мақсаты – оқушылар арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, рухани құндылықтарды насихаттау және қайырымдылық мәдениетін қалыптастыру.

Әкелген кітаптарынан үзінділер айтып, бір-біріне оқуға кеңес берді.

Акцияға белсене қатысқан 5 «А», 5 «Б», 5 «Ә», 5 «В», 8 «Ә» сыныптары мақтау қағаздарымен марапатталды.

Кітапханашы:

Б.Мешітбаева

